



2. Аймақ тұжырымдамасы:  
аймақты құру мақсатын;  
аймақтың түрі мен салалық бағыттылығын;  
инвестицияларды тарту мүмкіншілігін;  
аймақтың шекараларын;  
жұмыс күшімен қамтамасыз етілуін, әлеуметтік және өндірістік  
инфрақұрылымын;

арнайы экономикалық аймақ құрудың орынды екенін дәлелдейтін басқа да  
ақпаратты қамтуға тиіс.

3. Арнайы экономикалық аймақты құрудың техникалық-экономикалық  
негіздемесінде:

аймақтың экономикалық әлеуетінің талдауы;  
минералдық-шикізаттың әлеуетінің болуы;  
өнеркәсіп салаларын дамыту және аймақтың аумағында жаңа өндірістер құру  
бағдарламасы;

аймақтың кеден режимі;  
экономиканың инвестициялар тартылатын аялары;  
экспорттық өнім шығару бағдарындағы жұмыс істеп тұрған бірлескен және  
100 процент шетел капиталы бар кәсіпорындардың болуы мен жаңа  
кәсіпорындарды құру болуы тиіс.

4. Жергілікті атқарушы орган шаруашылық жүргізуші субъектінің немесе  
әкімшілік-аумақтық біліктің негізінде арнайы экономикалық аймақ құрудың  
орындылығын қарайды, ал ол оң шешім қабылдаған жағдайда материал жөнінде  
жергілікті атқарушы органмен бірлесе отырып келіседі және оны облыс пен  
Алматы қаласының әкіміне ұсынады.

Арнайы экономикалық аймақ екі немесе одан да көп әкімшілік-аумақтық  
бірлік аумағында құрылатын жағдайда құжаттар барлық мүдделі атқарушы және  
өкілетті органдармен келісіледі.

5. Облыстың, Алматы қаласының әкімі аумағында еркін экономикалық аймақ  
құру көзделіп отырған жергілікті атқарушы органның ұсынысын қарайды және  
оң шешім қабылданған жағдайда оны облыстық өкілетті органмен келіседі.

Облыс пен Алматы қаласы әкімдерінің дәлелді ұсыныстарына мынадай  
құжаттар қоса беріледі:

арнайы экономикалық аймақ құру тұжырымдамасы;  
арнайы экономикалық аймақ құрудың техникалық-экономикалық негіздемесі;

арнайы экономикалық аймақ туралы ереженің жобасы.

Аталған құжаттар Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне,  
сондай-ақ осы Тәртіптің 7-тармағында көрсетілген орталық атқарушы органдарға

ж і б е р і л е д і .

6. Еркін экономикалық аймақтардың "Қазақстан Республикасындағы Арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы күшіне енгенге дейін құрылған әкімшілік кеңестер облыстың, Алматы қаласының әкімдеріне осы Тәртіптің 5-тармағында көрсетілген материалдарға қоса :

еркін экономикалық аймақтың қаржы-шаруашылық қызметі туралы есебін; әкімшілік-аумақтық бірліктің немесе шаруашылық жүргізуші субъектінің еркін экономикалық аймақ құрылғанға дейінгі және еркін экономикалық аймақ жағдайында шаруашылық жүргізген кезеңіндегі экономикалық көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауын ұсынады.

Аталған материалдар жергілікті өкілетті органдармен келісіледі.

Облыстың, Алматы қаласының әкімдері еркін экономикалық аймақтың қызметінің қорытындыларын қарайды және оның жаңа жағдайда жұмыс істеуінің мақсатқа сәйкестілігі туралы оң шешім қабылдаған жағдайда оны Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің қарауына енгізіп, аталған келісімді облыстық өкілетті органдармен келіседі.

Аталған құжаттар сонымен бір мезгілде осы Тәртіптің 7-тармағында белгіленген орталық атқарушы органдарға жіберіледі.

7. Облыс, Алматы қаласының әкімдері арнайы экономикалық аймақтар туралы материалдардың республиканың мынадай орталық атқарушы органдарында :

- Қаржы министрлігінде;
- Сыртқы істер министрлігінде;
- Өнеркәсіп және сауда министрлігінде;
- Әділет министрлігінде;
- Экология және биоресурстар министрлігінде;
- Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінде;
- Кеден комитетінде келісілуін қамтамасыз етеді.

Қажет болған жағдайда арнайы экономикалық аймақтар жөніндегі материалдар келісілетін орталық атқарушы органдардың қосымша тізбесін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі айқындайды.

8. Арнайы экономикалық аймақтар бойынша құжаттарды келісу олар орталық атқарушы органдарға түскен күннен бастап бір айдың ішінде жүргізіледі және келісу парағымен, пікір алшақтықтары болған жағдайда - пікір алшақтықтары туралы анықтамамен ресімделеді.

Келісілген материалдарды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі ұсынады.

9. Қазақстан Республикасының экономика министрлігі облыстың, Алматы

қаласының әкімдері ұсынған материалдарды қарайды, өз қорытындысын береді және құжаттар пакетін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК